

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 454-ІІ Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне толықтырулар енгізілсін:

1. **"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы"** 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 11-12, 263-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 145-құжат):

26-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Үйлерді, ғимараттар мен олардың кешендерін, коммуникацияларды салуға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарактандыруға, реконструкциялауға, қалпына келтіруге, күрделі жөндеуге) арналған алдын ала жобалау, сондай-ақ жобалау (жобалау-смета) құжаттамасының жекелеген түрлері бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу бөлігінде мемлекеттік сараптама Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізіледі."

2. **"Өрт қауіпсіздігі туралы"** 1996 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20, 728-құжат; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат):

1) 10-баптың төртінші бөлігі мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"Үйлерді, ғимараттар мен олардың кешендерін, коммуникацияларды салуға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарактандыруға, реконструкциялауға, қалпына келтіруге, күрделі жөндеуге) арналған жобаларға өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік сараптама жүргізуге қатысу;"

2) 18-баптың бесінші абзацы "кеңес беру және" деген сөздерден кейін "жобалардың мемлекеттік сараптамасының ерекше құзыретіне жатқызылатын сараптау жұмыстарын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

3. **"Экологиялық сараптама туралы"** 1997 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 67-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат):

13-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Үйлерді, ғимараттар мен олардың кешендерін, коммуникацияларды салуға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарактандыруға, реконструкциялауға,

қалпына келтіруге, күрделі жөндеуге) арналған алдын ала жобалау, сондай-ақ жобалау (жобалау-смета) құжаттамасының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жекелеген түрлері бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындылары жобалардың мемлекеттік сараптамасының жинақталған қорытындысына енгізіледі."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК